

Фармацевтикалық өндіріс ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Топ: ТФП-323

Орындаған: Әзімханқызы Анель

Қабылдаған: Балпанова Назерке Жумагалиевна

Жоспар:

1. Өнеркәсіптегі техникалық қауіпсіздік ережелері?
2. Еңбекті қорғау деген не?
3. Дәрілік заттар өндірісі
4. Фармация
5. Фармацевтикалық технология деген не?
6. Фармацевтикалық технология негізгі міндеттеріне жатады?



Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің басты мақсаты – зауыттың өндірістік нысандарында қауіпті оқиғаларды болдырмау мен апатты жағдайлардың алдын алуды көздейді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік- өндірістік бақылауды қамтамасыз етумен атқарылады.

Өндірістік қауіпсіздікті бақылау – өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің бір бөлігі. Ол зауыттың қауіпті өндірістік нысандарының қызметін қауіпсіздендіру, олардағы апаттық жағдайлардың алдын алу, апатты жағдайлар бола қалған жағдайда, келген зардабын жоюдың кешенді шараларын жүзеге асырады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтауды бақылау шараларының міндеті - зауыттағы қауіпті өндірістік нысандардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын қадағалау, сонымен қатар өндірістік жұмыстың ахуалына ықпал ететін, қауіпсіздік талаптарының бұзылу себептерін анықтау болып табылады.

Техникалық қауіпсіздік ережесі

- 1. Зертханаға (Жұмысқа кіріспестен)кірместен бұрын арнайы киімді киіп, шаштарын жинап, өз-өзін ретке келтіруі қажет.
- 2. Қолдануға болатын құрал-саймандар мен жабдық материалдардың жұмыс орнына жарамдылығын қарау, артығын алып тастау.
- 3. Қандай да болсын (зерттеуге арналған) реактивтерді қолданбастан бұрын сыртын мұқият қарап мән беру қажет.
- 4. Әр түрлі приборлар мен аппараттарды, механизациялы заттарды белгіленген, нұсқаулықсыз, төлқұжатсыз пайдалануға болмайтынын ескерту.

Еңбекті қорғау – еңбек үрдісінде адамның қауіпсіздігін, жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, гигиеналық, денсаулық сақтау шаралары мен құралдарының заңдық құжаттарының жүйесі.

Еңбекті қорғаудың басты міндеті өндіріс үрдісінде қауіпті жою, ал жанама міндеттері – денсаулықты сақтау, еңбектің өнімділігін арттыру және т.б.



Еңбекті қорғау облысындағы стандартизация


Стандартизация – (мөлшер, үлгі, өлшем) көптеген ұғымдарды (бұйымдарды) типтік үлгілердің шамалы санына ұштастыру.

Бүкіл дүние жүзінде өнеркәсіптік өндіріс пен тауар алмасудағы техникалық реттеудің маңызды құрамдас бөлігі стандарттар болып табылады.

Стандарт бұл өз еркімен көп рет пайдалану мақсатында өнімнің сипаттамасы, жобалау(іздіретуді қосқандағы) өндіру, құрылыс жүргізу, монтаждау, жолға қою, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу мен кәдеге жарату, жұмыстардын немесе қызмет көрсетулердің орындау үрдісінің сипаттамалары мен жүзеге асыру ережелері белгіленген құжат.

Стандарт - зерттеулер мен өлшеу ережелері және әдістерін, терминологияға, нышандылыққа, буып- түйеге, белгілер салуға немесе оларды салудың ережелері мен заттаңбаларына қойылатын талаптарды қамтуы мүмкін.


Стандарттар өте маңызды роль атқарады. Өндіріс қызметінің көп саласында стандарттар басқарудың негізгі нормативтік базасы болып табылады.



Дәрілік заттар өндірісі – дәрілік заттардың сапасын бақылаудың федералді органмен бекітілген, дәрілік заттар өндірісін және сапасын бақылауын ұйымдастыру ережелеріне сәйкес, дәрілік заттарды өндіру лицензиясы бар кәсіпорын – жасап шығарушылармен дәрілік заттарды сериялы алу.

Дәрілік заттар – биологиялық технологияны немесе синтез әдістерін қолдану арқылы профилактика, диагностика, ауруды емдеу, жүктілікті болдырмау үшін қолданылатын қаннан, қан плазмасынан, сонымен қатар адамның органынан, жануар немесе өсімдік кездемелерден, микроорганизмдерден, минералдардан алынатын заттар.






Фармация (грек. pharmakeia — дәрі, дәріні қолдану) — денсаулық сақтау ісінің халыққа дәрімен көмек көрсетуді іске асыратын бір саласы.

Фармацияның теориялық негізіне дәрілік заттарды анықтау, іздеу, оларды зерттеу, дайындау, қалыптау және шығару, сұрыптау, стандарттау, сақтау, тарату және фармациялық қызметті ұйымдастыру жатады.



Фармацевтикалық технология- дәрілік заттарды формаға келтіріп, препараттарға дейін өндеудің өндірістік процесі.

"Фармацевтикалық технология" термині бастапқыда медициналық химия ятрохимия деп аталды. Кейінірек фармакогнозия осындай ғылымдардың бүкіл кешенінен ерекшеленді. Әрі қарай бұл саланы Фармация деп атай бастады. Ұзақ уақыт бойы дәрі-дәрмектерді өндіру технологиясын зерттеу және дамыту практикалық жұмыс курсы болып саналды. Кейінірек бұл ғылым фармацевтикалық химияға жатқызылды.





Бұл ғылымның негізгі міндеті химиялық, механикалық, физикалық заңдылықтарды оларды дәрі өндірісінде қолдану мақсатында анықтау болып табылады. Қазіргі уақытта осы маманданудың ғалымдары: дәрі-дәрмектерді өндірудің қолда бар әдістерін жетілдірумен; байланысты ғылымдардың соңғы жетістіктерін ескере отырып, дәрі-дәрмектерді өндірудің жаңа әдістерін құрумен айналысады.

Сондай-ақ, фармацевтикалық технологияның мақсаттары мен міндеттерінің бірі-қолданыстағы дәрі-дәрмектерді жақсартатын, оларды жанама әсерлерін барынша тиімді ететін жаңа көмекші заттарды іздеу.



Фармацевтикалық технология ғылым ретінде

Фармацевтикалық технология – дәрілік заттарды белгілі бір дәрілік формаға келтіріп, дәрілік препараттарға дейін өндеудің өндірістік процесі және теориялық негіздері жайлы ғылым.

Фармацевтикалық технология фармацевтикалық ғылымның негізгі бөлігі болып табылады, ал ол дәрілік заттардың және препараттардың өндірісі, қасиеттері, сонымен қатар фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және маркетинг туралы ғылым жүйесін құрайды.

Фармацевтикалық технологияның негізгі міндеттері:

- жана дәрілік субстанциялар және препараттар өндірісінің әдістерін және де технологиялық негіздерін әзірлеу;
- жазиргі дәрілік препараттарды әбден жетілдіру;
- дәрі өндірісіндегі жана косалкы заттарды іздеу, зерттеу және колдану;
- дәрілік заттардың, препараттардың, жартылай дайындалған өнімдердің және баска өнімдердің тұрақтылығын зерттеу және жарамдылық мерзімін белгілеу;
- технологиялық процестің тиімділігін зерттеу;

Назарларыңызға
рахмет!

